



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 006 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 3 сәуір

Қаржы рыногындағы ахуал туралы

1. Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2003 жылғы наурызда 0,3% (2002 жылғы наурызда - 0,2%) болды.

Өткен айлардан ерекшелігі, наурыз айында бағаның өсуіне азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 0,5%-ке қымбаттауы негізгі себеп болды. Азық-түлік тауарлары және халыққа ақылы қызмет көрсету 0,2%-ке қымбаттады.

2003 жылдың басынан бері инфляция деңгейі 1,7%-ті құрады, сонымен бірге азық-түлік тауарларына баға 2,4%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 1,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету 1,0%-ке өсті.

2003 жылғы наурызда инфляция жылдық көрсетуде 7,1%.

2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.

2003 жылғы наурызда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен 1,1%-ке (немесе 41,9 млн. долларға) өсіп, 3921 млн. долларға дейін жетті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы, сондай-ақ валютаның Қаржы министрлігінің шоттарына түсуі таза валюта қорларының 56,8 млн. долларға өсіп, 3353 млн. долларға дейін толығына ықпалын тигізді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 3,5 %-ке төмендеуі нәтижесінде 14,9 млн. долларға төмендеп, 568 млн. доллар болды.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша – 1999 млн. долл.), наурызда 0,6%-ке өсті және 5922,3 млн. долл. болды.

2003 жылғы наурызда ақша базасы 2,8%-ке көбейіп, 206 млрд. теңгеге жетті. Ақша базасы көбеюінің негізгі факторы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі болды.

2003 жылғы ақпанда ақша массасы 6,5%-ке көбейіп, 772,5 млрд. теңге болды. Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің 5,7%-ке және ішкі активтерінің 7,9%-ке өсуі (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) ақша массасы өсуінің негізгі факторы болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) ақпан айында 7,4%-ке өсіп, 153,6 млрд. теңгеге дейін жетті, ал ақша массасының құрылымында банк жүйесіндегі депозиттер – 6,3%-ке көбейді. Ақпанда айналыстағы қолма-қол ақшаның депозиттермен салыстырғанда біршама қарқынды өсуі ақша массасы құрылымында депозиттер үлесінің 80,3%-тен 80,1%-ке дейін және ақша мультипликаторы мәнінің 3,88-ден 3,86-ға дейін төмендеуіне себеп болды.

3. Қаржы рыногы.

Валюта рыногы. 2003 жылғы наурызда теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 150,88-152,48 теңге шегінде ауытқыды. Бір ай ішінде теңге 0,29%-ке (2002 жылғы наурызда – 0,21%-ке) құнсызданды және айдың соңында биржалық бағам бір доллар үшін 152,10 теңге болды.

Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 2,41% болды (ақпанның аяғында – 2,69%). Теңгенің АҚШ долларына орташа алынған айырбас бағамы 2003 жылғы 3 айда 1 АҚШ доллары үшін 153,33 теңге болды. Айдың аяғында ресми бағам бір долларға 151,50 теңге деңгейінде белгіленді.

Наурызда биржалық операциялар көлемі қосалқы сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса есептегенде ақпандағымен салыстырғанда 41,5%-ке төмендеді және 354,7 млн. долл. (2002 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2 еседен астам өсті) құрады. Жыл басынан бері биржалық операциялар көлемі 1266,9 млн.долл. болды.

Биржадан тыс валюта рыногында ақпандағы көрсеткішпен салыстырғанда операциялар көлемі 27,7%-ке төмендеді және жедел деректер бойынша 318,8 млн. долл. болды. 2002 жылғы наурызбен салыстырғанда операциялар көлемі 7,8%-ке төмендеді. Жыл басынан бері банкаралық валюта рыногындағы операциялар көлемі жедел деректер бойынша 1195,2 млн.долл. болды.

Бағалы қағаздар рыногы. 2003 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдыңғы үш айдағы сияқты мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырған жоқ, тек оларды өтеумен ғана айналысты. Сыйақы төлеуді қоса алғанда, мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу 2003 жылғы наурызда 1,8 млрд. теңге болды. Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздар көлемі 2003 жылғы ақпанмен салыстырғанда 2003 жылғы наурыздың аяғында 0,1%-ке 104,8 млрд. теңгеге дейін азайды.

2003 жылғы наурызда Ұлттық Банк ноттарының эмиссия көлемі ақпанмен салыстырғанда олар бойынша кірістіліктің 5,75%-тен 5,68%-ке төмендеуі кезінде 34,3%-ке төмендеп, 43,3 млрд. теңгеге жетті.

Алайда, Ұлттық Банк ноттарының эмиссия көлемінің төмендеуі олардың айналыстағы көлемін төмендеткен жоқ, оның көлемі 2003 жылғы наурыздың аяғында 123,1 млрд. теңге болды, бұл 2003 жылғы ақпанның соңындағы деңгейден 18,0%-ке көп.

2003 жылғы наурыздың соңында Ұлттық Банктің айналыстағы ноттарының көлемі Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемінен 17,4%-ке асып түсті, мұндай жағдай қаржы рыногында бірінші рет байқалды.

2003 жылғы наурызда Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі өткен аймен салыстырғанда 34,8 млрд. теңгені құрап, 24,8%-ке төмендеді. Кері репо операцияларының көлемі 5,9 млрд. теңге болды.

Банкаралық ақша рыногы. 2003 жылғы ақпанда банкаралық ақша рыногында теңгедегі және сол сияқты шетел валютасындағы өтімді қаражаттарды орналастыру бойынша банктер белсенділігінің айтарлықтай артқандығы байқалды.

Ақпанда қаңтар айымен салыстырғанда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің көлемі 12,6%-ке төмендеді және 25,2 млрд. теңге болды. Орналастырылған теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы азайды және 4,30%-ті құрады (қаңтарда – 5,47%).

Валюталық қарыз алудың банкаралық рыногында операциялардың негізгі көлемі долларлық депозиттер есебінен жүзеге асырылды. Орналастырылған долларлық депозиттердің көлемі 2003 жылғы қаңтармен салыстырғанда 28,7%-ке төмендеп, шамамен 2,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

Долларлық депозиттер бойынша кірістілік деңгейі өзгерген жоқ - орташа алынған сыйақы ставкасы 1,31% болды.

Валютаның басқа түрлерімен операциялар көлемі салыстырмалы түрде аз болды.

Депозит рыногы. Ақпанда резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 6,3%-ке көбейді және 618,9 млрд. теңгені құрады (4,0 млрд. АҚШ долларынан астам).

Заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі бір ай ішінде 360,8 млрд. теңгені құрап, 10,1%-ке көбейді.

Ақпан айында ұлттық валютадағы банктік депозиттер 10,6%-ке ұлғайып, 260,5 млрд. теңгеге жетті, ал шетел валютасындағы депозиттер 358,4 млрд. теңгені құрап, 3,4%-ке өсті (шамамен 2,4 млрд. АҚШ доллары).

Ақпанда халық депозиттерінің өсуі жалғасты. Халық салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) бір ай ішінде 265,1 млрд. теңге (шамамен 1,75 млрд. АҚШ доллары) құрап, 1,4%-ке өсті.

Ақпанда халық салымдары құрылымындағы мерзімді депозиттердің үлес салмағы 83,1% (қаңтарда – 83,7%) болды. Шамалы төмендегеніне қарамастан, олар бұрынғыдай банктердің кредит ресурстарының негізгі көзінің бірі болып қалуда.

Депозиттер бойынша кірістіліктің деңгейі 2003 жылғы ақпанда қаңтармен салыстырғанда біршама өсті. Жеке тұлғалардың теңгелік мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 11,2%-тен 11,3%-ке, ал заңды тұлғалардың депозиттері бойынша – 5,2%-тен 5,3%-ке дейін өсті.

Кредит рыногы. 2003 жылғы ақпан айында банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 1,2%-ке өсті және 704,7 млрд.теңге болды (4,6 млрд. АҚШ долларынан астам).

Орта- және ұзақ мерзімді кредиттер бойынша негізгі борыш шамалы өсіп, 385,4 млрд. теңгеге жетті, ал қысқа мерзімді кредиттер бойынша өсу 2,7%-ті құрап, 319,3 млрд. теңгеге жетті. Нәтижесінде, орта- және ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 54,7% болды.

Теңгелік кредиттердің үлес салмағы кредиттердің жалпы көлемінде 2003 жылғы қаңтармен салыстырғанда 31,1 %-тен 33,3%-ке көбейді. Тұтастай алғанда, шетел валютасындағы кредиттердің көлемі бір ай ішінде 2,1%-ке төмендеп, 470,0 млрд. теңгеге, ал ұлттық валютадағы – 8,5%-ке өсіп, 234,7 млрд. теңгеге жетті.

Қазақстан аймақтары бойынша кредиттерді шоғырландыру құрылымында елеулі өзгерістер болған жоқ. Олардың негізгі көлемі, бұрынғыдай, Алматы қаласы (экономикаға берілген барлық кредиттің 69,5%-і), Астана қаласы (4,4%), Шығыс Қазақстан (4,9%) және Қарағанды (4,0%) облыстары сияқты қалалар мен аймақтарға шоғырланды.

Ақпанда банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері 3,0%-ке көбейіп, 148,6 млрд. теңге болды.

Кредит рыногындағы проценттік ставкалар 2003 жылғы ақпанда әр түрлі бағытта өзгерді. Заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қаңтармен салыстырғанда 14,4%-тен 15,8%-ке дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша ол 24,3%-тен 24,1%-ке азайды.

Сақтандыру рыногы. 2003 жылғы 1 наурызда 33 сақтандыру ұйымының, оның ішінде шетелдің қатысуымен – 4 және өмірді сақтандыру бойынша – 1 ұйымның сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар.

2003 жылғы ақпанда сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 4,8%-ке (өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда – 37,3%-ке өсті) төмендеді және 21,8 млрд. теңге болды, сақтандыру резервтері 7,5%-ке (25,0%-ке өсті) төмендеді және 10,9 млрд. теңгені құрады, жиынтық меншік капиталы 4,3%-ке (17,0%-ке өсті) көбейіп, 6,9 млрд. теңге болды.

2003 жылғы ақпанда сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 45,4%-ке (1,3 есеге өсу) көбейді және 4,1 млрд. теңге болды, ал сақтандыру төлемдерінің көлемі – 2,3%-ке (2 еседен астам өсу) өсті және 592 млн. теңгеге жетті.

4. Банк секторы. Банк секторындағы жағдай, өткен айлардағы сияқты, тұрақты болды. 2003 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 38 банк жұмыс істеді, оның ішінде 2 – мемлекеттік, 17 – шетелдің қатысуымен (Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің еншілес банктерін қоса есептегенде).

2003 жылғы ақпанда жиынтық меншік капиталы 0,1%-ке өсіп, 161,2 млрд. теңге (1063,1 млн. доллар), банктердің жиынтық активтері 4,0%-ке өсіп, 1167,0 млрд. теңгеге (7695 млн. доллар), жиынтық міндеттемелер 4,3%-ке өсіп, 1030,8 млрд. теңгеге жетті.

5. “Деректерді Таратудың Арнайы Стандарты” жүйесіне қосылу: халықаралық стандарттарға кезекті қадам. 1994-1995 жылдардағы халықаралық қаржы дағдарысы сабақтарының бірі уақтылы және сапалы статистикадағы кемшіліктердің дағдарыс ауқымының ұлғаюына және оның таралуына ықпал еткендігін тану болды.

1995 жылғы қазанда ХВҚ қорға мүше елдерге арналған деректерді таратудың екі деңгейдегі стандартын құруды мақұлдады. Оның бірінші деңгейі қордың барлық мүше елдеріне арналған “Деректерді Таратудың Жалпы Стандарты” жүйесі (ДТЖС) болып табылады.

Қазақстан 1999 жылы ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып ДТЖС жүйесіне кірді. Республикада Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі елдер бойынша үйлестіруші болып табылады. ДТЖС бойынша метадеректер беруге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (фискальды сектор, орталық үкіметтің операцияларын қоса алғанда), Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (нақты және демографиялық сектор) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (қаржы және сыртқы сектор) жауап береді.

Екінші (жоғары) деңгейге “Деректерді Таратудың Арнайы Стандарты” жүйесі (ДТАС) жатады, ол капиталдың халықаралық рыноктарына рұқсат алған немесе рұқсат алғысы келетін елдерге арналған. ДТАС экономикалық және қаржылық статистика деректерін таратудың оңтайлы әдістерін белгілейді және ДТЖС-қа қарағанда талаптары едәуір қатаң. Бұл жүйеге кіру елдің статистика саласындағы белгілі бір жалпыға ортақ талаптарды қанағаттандыратынын көрсетіп отыр және деректерді шығару күнтізбесіне сәйкес статистикалық ақпаратты уақтылы беруге міндеттенеді. ДТАС-на қол қойған мүше елдерге берілген ақпарат Деректерді таратуға арналған стандартты хабарландырулар тақтасына (ДТАСХТ) орналастырылады.

2003 жылы Қазақстанда Арнайы стандартқа қосылу жөніндегі шараларды жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (ұлттық үйлестіруші), Ұлттық Банк және Қаржы министрлігі ДТАС-на сәйкес метадеректер жасау жөнінде жұмыс жүргізді.

Нәтижесінде, ағымдағы жылдың 24 наурызында Қазақстан ДТАС-на қосылған 53-ші, ал ТМД елдері арасында екінші (Украинадан кейін) ел болды. Деректерді таратудың Жалпы стандарттарының жобасын орындаған елдердің арасында Қазақстан Арнайы стандарттарға көшкен бірінші ел болып табылады.

Қазіргі кезде пайдаланушылардың басым көпшілігі ХВҚ сайтының (www.imf.org) Деректерді таратуға арналған электронды хабарландырулар тақтасынан Қазақстан бойынша жедел орналастырылатын статистикалық ақпаратты көре алады, ол пайдаланушыларға елдегі экономикалық ахуалға неғұрлым терең талдау жүргізуге мүмкіндік беретін жан-жақты методологиялық түсініктемелерден тұрады. Бұл өте маңызды қадам елдің инвестициялық климатын нығайтуға ықпал ететін болады.

6. ХВҚ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілінің офісі туралы. 2002 жылғы желтоқсанда ХВҚ миссиясының кеңес беруі барысында ХВҚ-ның Қазақстан

Республикасымен жасалған келісімдерінің IV бабына сәйкес 2003 жылғы тамызда ХВҚ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілін қайтару туралы шешім қабылданды.

Бұл шешім Қазақстанның соңғы жылдары экономиканы тұрақтандыруға айтарлықтай табыстарға жетуіне және орташа әрі ұзақ мерзімді кезеңге барынша қолайлы болашақтың болуына және ХВҚ-ның ресурстарын қажет етпеуіне орай қабылданды.

Соңғы уақытта осындай себептер бойынша ХВҚ-ның Эстониядағы және Латвиядағы тұрақты өкілдері қайтарылды.

ХВҚ-ның тұрақты өкілін қайтаруға қарамастан, Қазақстан осы халықаралық ұйыммен тығыз ынтымақтастықты қолдайтын болады.